

Қоғамда білім үстемдігін қамтамасыз ету және ағартушылық идеясын насихаттау бойынша «**ЗАМАНАУИ БІЛІМ**» тақырыбындағы журналистер арасындағы **шығармашылық байқауға қойылатын талаптар:**

Байқауға **2021 жылғы 1 қаңтар мен 20 маусым** аралығында жарияланған (алғаш жарияланған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) материалдар қабылданады. Конкурсақ ұсынылған материалдар конкурстың тақырыбын ашуы тиіс. Конкурсақ топтық жұмыстар қабылданбайды.

Қатысушы **2 сайыстық жұмыс** ұсына алады.

Теле және радиоматериал 3-5 минуттан аспауы тиіс. Газет-журналдар мен сайттардағы материалдар 14 шрифтіте 3 беттен аспауы қажет.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- ❖ шығармашылық жаңашылдығы және идеяның ерекшелігі;
- ❖ мазмұнының тереңдігі;
- ❖ орындаудың техникалық деңгейі (оның ішінде инфографика, 3D-графика және т.б. пайдалану деңгейі);
- ❖ жалпы эстетикалық және эмоционалдық қабылдау.

Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Автор жұмыстың мазмұны мен авторлықтың дұрыстығы үшін жауап береді. Жарнамалық сипаттағы жұмыс байқауға жіберілмейді. Байқау ұйымдастырушылары қажет болған жағдайда қатысушыдан қосымша мәліметтерді, материалдың сәйкестігін, оның шығу мерзімін, авторлығын растайтын құжаттарды талап етуге құқылы. Байқауға жіберілген жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Аталмыш байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «**Үздік телевизиялық материал**» (телевизиялық очерк, жаңалық бейнесюжеті, сараптамалық шолу, арнайы репортаж, сұхбат, деректі фильм);
- 2) «**Үздік радиоматериал**» (радиобағдарлама, радиоочерк, радиоқойылым, талдамалық шолу, сұхбат);
- 3) «**Газеттер мен журналдардағы үздік мақала**» (мақала, очерк, эссе, сараптамалық шолу, репортаж, сұхбат);
- 4) «**Интернет басылымдағы үздік жарияланым**» (ақпараттық хабарлама, сараптамалық шолу, репортаж, сұхбат, шолу, эссе, очерк, әлеуметтік желілерде хабарламалар).

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰСЫНУ ҮЛГІСІ



Телевизиялық өнім – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген дискідегі бейнесюжет



Радиохабар өнімі – дискідегі аудиожазба және трансляциялау фактісін растайтын құжат



Мерзімді баспасөз өнімі – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген мақаланың сканерленген электрондық данасы



Бақ ғаламторындағы өнім – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген «word» форматындағы жарияланымның электрондық нұсқасы

Байқауға қатысу өтінімдері 2021 жылғы 20 маусымға дейін сканерленген форматта nao_2011@mail.ru эл. поштасына «ЗАМАНАУИ БІЛІМ» деген айдармен қабылданады.

Байланыс тел.: +7 (7172) 72-59-74; + 7 705 993 82 69.

Өтінімде келесі ақпараттар болуы тиіс:

Қатысушының тегі, аты-жөні (толық):

Туған күні, айы, жылы

Жұмыс орны, лауазымы:

Номинация:

Байқау жұмысының атауы:

Байқау жұмысының (аудиовизуалды) ұзақтығы:

Байқау жұмысының шыққан мерзімі:

Байланыс телефондары:

Электрондық мекенжайы:

Байқауға қатысу шарттарымен келісемін: _____
 _____ (_____)

қолы _____

АӨТ

2021 жылғы « ____ » _____